

Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 18 ақпандағы N 3-1-227қ "Учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2006 жылғы 25 қаңтарда N 428 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 26 маусымдағы N 23-541қ қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007.06.26 N 23-541қ қаулысымен.

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына , "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 18 ақпандағы N 3-1-227қ "Учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына(Астана қаласының Әділет басқармасында 2002 жылы 25 наурызда N 182 болып тіркелген; 2002 жылғы 4 мамырдағы N 58-59 "Астана ақшамы" және 2002 жылғы 20 сәуірдегі N 45 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) жоғарыда аталған қаулыда:
п р е а м б у л а д а :

2001 жылғы 17 шілдедегі N 246-II "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" сөздерінен кейін ", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы" сөздерімен толықтырылсын ;

"Заңына" сөзі "заңдарына" сөзімен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" сөздерінен кейін ", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092" сөздерімен толықтырылсын;

"Қаулысымен" сөзі "қаулыларымен" сөзімен ауыстырылсын;

2-тармақта "Алматы" және "Сарыарқа" сөздері алынып тасталсын;

2) Учаскелік комиссия туралы Ережеде:
п р е а м б у л а д а :

2001 жылғы 17 шілдедегі N 246-II "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" сөздерінен кейін ", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы" сөздерімен толықтырылсын ;

"Заңына" сөзі "заңдарына" сөзімен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" сөздерінен кейін ", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру бойынша кейбір шаралар туралы" 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092" сөздерімен толықтырылсын;

"Қаулысымен" сөзі "қаулыларымен" сөзімен ауыстырылсын;

1-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"1. Учаскелік комиссиялар Астана қаласы аудандары әкімдерінің шешімдерімен тиісті аумақтарда арыз иесіне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - атаулы әлеуметтік көмек) және/немесе 18 жасқа дейінгі балаларға (бұдан әрі - балаларға жәрдемақы) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны берудің қажеттігі туралы қорытынды дайындау үшін және материалдық жағдайына тексеру жүргізу қажет болғанда құрылады.";

2-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"2. Учаскелік комиссияларға аудан әкімдерінің орынбасарлары басшылық етеді және мүшелерінің жалпы саны 7 адамнан кем болмауы қажет.";

4-тармақта "Астана қаласының Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

7-тармақ "атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге" сөздерінен кейін "балаларға жәрдемақыны тағайындауға және төлеуге" сөздерімен толықтырылсын;

8-тармақта "атаулы әлеуметтік көмек" сөздерінен кейін "және/немесе балаларға жәрдемақы" сөздерімен толықтырылсын;

10-тармақ "атаулы әлеуметтік көмек" сөздерінен кейін "және/немесе балаларға жәрдемақы" сөздерімен толықтырылсын;

15-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"15. Атаулы әлеуметтік көмек және/немесе балаларға жәрдемақы алуға өтініш

беруші мен оның отбасының нақты материалдық жағдайын тексеру оның өзінің қатысуымен және осы Ережемен белгіленген мерзімдерде екіден кем емес Учаскелік комиссия мүшелерімен жүргізіледі.";

16-тармақ "атаулы әлеуметтік көмек" сөздерінен кейін "және/немесе балаларға жәрдемақы" сөздерімен толықтырылсын;

1-қосымшаға Учаскелік комиссиялар туралы Ережеге "атаулы әлеуметтік көмек" сөздерінен кейін "және/немесе балаларға жәрдемақы" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С.Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

*"Астана қаласының Қаржы
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры*

*Құжаттамалық сараптама
бөлімінің меңгерушісі*

*"Астана қаласының Жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар департаменті"
мемлекеттік мекемесінің*

директоры

КЕЛІСІЛДІ

"Алматы" ауданының әкімі

"Сарыарқа" ауданының әкімі